Сыр бойы

№52 (20525)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 сәуір, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҰЙЫМ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады.

Президентке Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Хатшылығының қызметі жөнінде мәлімет берілді.

Кездесуде ҰҚШҰ жұмысының негізгі бағыттары бойынша бірқатар мәселе, сондай-ақ Ұйымның осы жылғы жоспары талқыланды.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылық құрамымен бейнебайланыс арқылы кеңес өткізіп, жаңадан тағайындалған төраға Асхат Жұмағалиды таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттіктің бұрынғы төрағасы Олжас Бектеновке атқарған жұмысы үшін ризашылығын білдіріп, оның жаңа қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Агенттіктің жаңа басшылығы мен жеке құрамына алдағы кезеңге арналған бірқатар міндет жүктеді. Президенттің айтуынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген шараларды толық жүзеге асыру керек. Жоғары лауазымды шенеуніктер арасындағы, әсіресе, халқымыздың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салалардағы жемқорлықты анықтау және оның жолын кесу жөніндегі қатаң тәсілді жалғастырған жөн. Жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу керек.

Мемлекет басшысының айтуынша, тергеу жұмыстарының нәтижесінде Агенттік құны 108 миллиард теңге көлеміндегі шығынды қайтара алды. Бұл – оң нәтиже. Бірақ, сонымен қатар, бұл өткен кезеңдерде жемқорлық қаншалықты белең алғанын көрсетеді.

– Жемқорлықтың барлық түрімен ымырасыз күрес – мемлекетіміздің одан әрі дамуының басымдығы. Парақорлық, тамыр-таныстық, қоңырау шалу арқылы мәселе шешу және тағы басқа келеңсіздіктер жылдар бойы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне селкеу түсіргенін білесіздер. Осы орайда халықтың әділдікке деген үміті азая бастады. Сондықтан менің сайлау алдында берген уәделерімнің бірі жемқорлықты түбірімен жойғанша ымырасыз күрес жүргізу болды. Бұл істе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі шешуші рөл атқарады. 2019 жылы маусымда құрылған сәттен бері аталған орган көптеген жұмыс атқарды. Оны мойындау керек. Жемқорлыққа қарсы күрес шараларының жүйесі белсенді дами бастады. Атап айтқанда, жаңа құқықтық институттар, өзіне бағынышты қызметкерлердің жемқорлық қылмысы үшін саяси және мемлекеттік тұлғалардың қызметтен кетуі, адалдыққа тексеріс, нормативтік-құқықтық актілерге жемқорлыққа қарсы жүргізілетін сараптама және тағы да басқа бастамалар осы санатқа кіреді. Олардың алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз, – деді Президент.

НАРЫҚ

ЖАНАРМАЙДЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ
БАСҚА ТАУАРЛАР БАҒАСЫНА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Энергетика министрлігі елде жанар-жағармай бағасының өсетінін жариялады. Министрдің міндетін атқарған Болат Ақшолақов еліміздегі бензин бағасының көрші елдердегі бағадан айырмашылығы азайғанда ғана ішкі нарықтағы ахуалды тұрақтандыруға болатынын айтты. Ал Үкімет басшысы Әлихан Смайылов сейсенбіде өткен Үкімет отырысынан кейін журналистерге бағаның өсуі туралы мәлімдеме жасады.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– Бұл оңай шешім емес. Осы шешімді қабылдауға мәжбүр болып отырмыз. Қазір мұнай өнімдерінің бағаларын қайта қарамасақ, онда жақын арада біз мұнай өнімдерінің тапшылығына тап боламыз, – деді Ә.Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, елдегі жан басына шаққандағы дизель отынын жылына тұтынудың ең жоғары деңгейі – 370 литр. Ресейде 225, Қырғызстанда 98, ал Өзбекстанда 44 литр. Оған қоса, елдегі мұнай өңдеу зауыттары өз қуаты шегінде жұмыс істейді. Экспорттың және тапшылықтың негізгі факторы – Қазақстандағы төмен бағалар. Ресейде дизель 45, Қырғызстанда 64 пайызға, Өзбекстанда 2 есе қымбат. Сондықтан елдегі арзан отын көрші елдердің экономикасында өзінің ұлттық мүддесіне нұқсан келтіріп жұмыс істеуде.

Айта кетсек, қаңтарда Қазақстан бензин мен дизель отынының бөлшек сауда бағасын мемлекеттік реттеуді белгісіз мерзімге, мұнай өнімдерін елден автомобиль көлігімен әкетуге тыйым салуды 2023 жылдың ортасына дейін ұзартқан еді.

Осылайша АИ-92 және АИ-93 маркалы бензиннің литрі 182-187 теңгеден 205 теңгеге дейін көтеріледі. Бензиннің бұл түрі 11 пайызға қымбаттап отыр. Ал дизельдің литрі 295 теңгеден сатылады. Қазір бұл отынның бағасы өңірлерге байланысты 230-260 теңге аралығында сатылып жатыр. Орташа өсім – 20 пайыз. Бұл ретте, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер литріне 204 теңге бағамен арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етіледі.

Дегенмен, жанармайдың қымбаттайтыны айтылғалы қоғамда алаңдаушылық басым. Өзгерістер 12 сәуірде күшіне енеді деп жоспарланса да, Қазақстанның кейбір аймақтарында дизель сатылымда жоқ. Қазірдің өзінде тапшылықты Алматы мен Шымкент тұрғындары сезінуде.

Сондай-ақ, жанар-жағармай қымбаттағаннан кейін халық тұтынатын тауарлар бағасы да өсуі мүмкін. Энергетика министрлігі басқа тауарларда қандай да бір баға өсімі болған күннің өзінде бұл жоспарлы инфляция шегінде болмашы өсім ғана екенін айтады. Бірақ халықтың алаңдаушылығы негізсіз емес.

Сарапшылардың айтуынша, бағаны әлдеқайда ертерек, 2022 жылдың қаңтарында сұйытылған газ бағасы көтерілгеннен кейін бірден көтеру керек болған. Себебі елде жанармай бағасы тым төмен. Ал бұл қазірдің өзінде елдің дамуына әсер етуде.

2-бет

АКТИВ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында жаңа орынбасарын таныстырды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен Сансызбайұлы Балмейір облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

– Балмейір Сансызбайұлы – мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де тәжірибелі маман. Маңызды салаларда басшылық қызмет атқарған, тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі жоғары азамат. Осы қызметте мемлекеттік сатып алу, еңбек қатынастары, сәулет-құрылыс бақылау, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, ветеринария салаларына жетекшілік жасайтын болады. Балмейір Сансызбайұлы әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Актив отырысында облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов пен облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Әріп Хожбанов Балмейір Сансызбайұлын құттықтап, қызметіне сәттілік тіледі.

Айта кетейік, облыс әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы арасындағы міндеттер бөлінісі қайта бекітілді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларына жетекшілік жасайды.

2-бет

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН НЕГЕ ЖАЛТАРАМЫЗ?



Бірер күн бұрын қаладағы үлкен дүкендер мен супермаркеттердің әдеттегідей электронды төлем емес, бұрынғыдай қолма-қол есеп айырысып жатқанын естідік. Жұмыстан қайтарда күнделікті тұтынатын азық-түлік алу үшін бізде дүкенге бас сұққан едік. Банкоматтар мен кассаның алдында ұзын-сонар кезекке тұрғандар көп. Бұған дейін Kaspi.kz қосымшасы арқылы төлем жасап алып жүрген біз де банкоматқа кезекке тұруға мәжбүр болдық. Сатушыдан сұрағанымызда басшының тапсырмасымен QR код алынып тасталғанын, енді төлем тек қолма-қол жүргізілетінін айтты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Қарап отырсаңыз, өнімі өтімді, жұртшылық жиі келетін үлкен дүкендерде осы көрініс. Оның себебін салық төлемеудің амалы болар деп ойладық. Расында, солай болып шықты. Облыстық мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Гүлжамал Шортанбаева:

– Қазір барлық банктен кәсіпкерлердің есепшотын сұратып жатырмыз. Оларды төтеннен тексеріп баруға құқымыз жоқ. Себебі мораторий жарияланған. Бұл мәселені қарастыратын боламыз,– деді.

Бізде салыққа қатысты сан түрлі мәселе барын бұдан бұрын да айтқан едік. Ақпан айының соңында облыс әкімінің төрағалығымен өткен жиналыста көтеріліп, сала басшыларына тапсырма берілген болатын. Салықты төлеуден жалтарып, жанама жол табуға тырысатындарға тексеру күшеймек. Облыс бюджетінің негізгі кіріс көзі осы салықтан екенін ескерсек, онда экономикамыздың дамуына кері әсер етіп отырғанымызды түсіну қиын емес секілді.

Қолдағы деректерге зер салайық. Өткен жылы жергілікті бюджеттің болжамы 104,1%-ға орындалып, бюджетке 79,9 млрд теңге түсім түскен. Түсімдердің өсімі байқалады. Десе де түйткілді мәселелер жоқ емес. Айталық, облыстың салықтық түсімі 68 млрд теңгені құраса, халық саны (833 531) біздің өңірмен шамалас Қостанай облысының (832 110) түсімі 144 млрд теңге, яғни 2 есе артық. Оның ішінде жалақыдан төленетін салықтардың сомасы Қостанайда 76 млрд теңге, облыста бар болғаны 44 млрд теңге немесе 32 млрд теңгеге аз. Алайда көрсетілген мәліметтерден тағы бірнәрсені ұғыну керек. Біздегі жалақы мөлшерінің мардымсыз болуы немесе ірі-ірі кәсіпорындардың аздығы да әсер етуі мүмкін.

2-бет

«ҚЫЗЫЛОРДА ТАЗАЛЫҒЫ»
ЖАҢА ТЕХНИКАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Стратегиялық бағдарламаларды сапалы жүзеге асырудың негізгі міндеті – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырғанда ғана орындалады десек, бұл бағытта облыс орталығында тұрғындардың игілігі үшін ілкімді істер атқарылуда.

Соның бір дәлелі, аймақ басшысының тікелей қолдауымен қаланың тазалығын қамтамасыз етіп отырған «Қызылорда тазалығы» ЖШС-на 20 арнайы техника алуға облыстық бюджеттен 742,8 млн теңге бөлініп, кеше оның алғашқы легі келе бастады.

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов жаңадан алынған екі фронталды тиегіші бар «МТЗ-82» тракторы мен «WECAN 800» маркалы екі шағын тиегіш техникаларды табыстау рәсіміне қатысты.

– Осы күнге дейін алынған техникалардың ескіруіне байланысты облыс әкімінің тікелей қолдауымен жүйелі жұмыстардың нәтижесі көрінуде. Алдағы уақытта арнайы техникалар рет-ретімен алынады, – деді ол.

Сондай-ақ, шаһар басшысы ел игілігі үшін жасалған бұл істің баянды болуы ендігі жерде жұмысшылардың мемлекет мүлкіне деген жанашырлығы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін айтып, қала тазалығымен айналысатын еңбеккерлердің жұмысына сәттілік тіледі.

Қазір 500-ден аса көшенің тазалығын қамтып отырған «Қызылорда тазалығы» ЖШС-ның теңгерімінде 125 техника болса, оның 91-і санитарлық тазалық жұмыстарына жұмылдырылған.

Айта кету керек, өткен жылдың соңында аймақ басшысының қолдауымен облыстық бюджеттен бөлінген 525,6 млн теңгеге 11 арнайы техника алынған болатын.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов экономика және қаржы, білім, жұмыспен қамту және денсаулық сақтау салаларына жетекшілік етеді. Ал облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов аппарат қызметі мен қоғамдық даму, мәдениет және спорт, дін мәселелері салаларына жетекшілік ететін болады.

Балмейір Сансызбайұлы 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданында дүниеге келген. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Құқықтану», Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Экономика және бизнес» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2015 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Сайрам аудандық басқармасының бас маманы болып бастаған. 2016-2017 жылдары аталған департаменттің Шымкент қаласы Әл Фараби аудандық басқармасының бөлім басшысы қызметін атқарған. 2017-2019 жылдары ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Шымкент қаласы Әл Фараби аудандық басқармасының бөлім басшысы болған. 2019-2021 жылдары Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысы. 2021-2022 жылдары ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарған.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап осы кезге дейін Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы Шымкент қаласы бойынша филиалының директоры лауазымын абыроймен атқарып келді.

1-бет

ПРЕЗИДЕНТ АЙҚЫНДАҒАН БАСЫМДЫҚТАР БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру туралы мәселелер қаралды. Жиында ведомство басшылары өз салалары бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Парламенттің бірінші сессиясында Мемлекет басшысы айқындаған 8 басымдық бойынша нақты шаралар қабылдап, оны сапалы іске асыру қажеттігін атап өтті.

Бірінші басымдық «Іскерлік белсенділікті ынталандыру» бойынша ашық салық жүйесін қалыптастыру, теңгерімді бюджеттік саясатты жүргізу, кәсіпкерлікті қолдау өте маңызды. 2023 жылға облыс бюджеті 520,7 млрд теңге көлемінде бекітілсе, нақтылау нәтижесімен бүгінде ол 542,3 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде облыс бюджетінің өз кірістері 75 млрд. теңгені құрайды. Осыған орай, Қызылорда облысы бойынша кірістер департаментіне биылға жоспарланған облыс бюджеті кіріс көлемінің уақытылы түсуін және жыл ішінде кіріс көзін ұлғайту шараларын жүзеге асыру тапсырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Елдің өндірістік әлеуетін барынша арттыру» басымдығын жүзеге асыру үшін геологиялық барлау және кеніштерді игеруге инвестиция тартуды айтқан болатын. Мәжілісте жаңа мұнай кен орындарын зерттеудің уақытылы аяқталуын және «Сырдария» бассейніндегі зерттеу жұмыстарына қажетті қаржының бөлінуін пысықтау тапсырылды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарауға баса назар аударды. Осы ретте тозған электр, жылу, су және кәріз желілерінің үлесін азайтуға, автомобиль жолдарының жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды дайындау өте маңызды. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде биылға жылу желілерін қайта жаңырту үшін 7,6 млрд теңгенің 6 жобасына, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жаңырту үшін 1,9 млрд теңгенің 6 жобасына қаржы бөлінді. Енді құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізіп, бөлінген қаражатты уақытылы игеру керек.

Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қолдау және өнір мектептерін материалдық-техникалық жабдықтау бойынша тапсырмалар жүктелді.

Президент басымдық берген тағы бір мәселе – су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Облыс әкімі жауапты тұлғаларға егін егу науқаны қарсаңында гидротехникалық нысандардың, каналдардың дайындығын, инфрақұрылымның жай-күйін зерттеуді, каналдарды тазартуды, су насостарымен жеткілікті қамтамасыз етуді тапсырды.

Жиында саламатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту жөнінде бірқатар міндет қойылды. Облыс әкімі спортпен шұғылданушылар қатарын арттыру үшін биыл 11 спорт нысанының құрылысы жүргізілетінін, Қызылорда қаласының сол жағалауында «Көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының» жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге жергілікті бюджеттен қаржы бөлінгенін хабарлады. Облыс елді мекендерінде 5 ауылдық клуб салынуда, ал Қызылорда қаласында жыл соңына дейін көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілмек.

Осыған орай, облыстық мәдениет және спорт басқармасына «Өнер орталығында» өтетін концерттік бағдарламаларға көпшіліктің көңілінен шығатын туындыларды енгізу жүктелді. Аймақ ерекшелігін киноиндустрияны дамыту арқылы насихаттау мүмкіндіктерін қарастыру, жергілікті әдебиет және өнер иелерін қолдау, ынталандыру бойынша ұсыныстар беру тапсырылды.

ЕКІ АПТА УАҚЫТ БЕРІЛДІ

Сәуірдің алғашқы күндерінде соққан қатты дауылдың бірқатар нысанға залал келтіргені белгілі. Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте осы жағдайдан туындаған мәселелер күн тәртібінен тыс қаралды.

Еске салсақ, 1-2 сәуірде облыс аумағында екпіні секундына 24-28 метр болатын қатты дауыл тұрып, бірқатар нысанның шатыры ұшты, электр жарығының өшуі тіркелді.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қайрақбаев жалпы 24 нысанға зақым келгенін айтты. Оның 22-нің шатыры ұшқан, 1-нің терезелері сынған, 1 жылу беру нысанының мұржасы құлаған.

Облыс бойынша атап айтқанда, Қазалы ауданында 2, Қармақшы ауданында 1, Жалағаш ауданында 2, Сырдария ауданында 2, Шиелі ауданында 9, Жаңақорған ауданында 1, Қызылорда қаласында 7, барлығы 24 нысан зақымданған. Оның 7-і – білім беру ұйымы (6 мектеп, 1 колледж), 3-і – ауылдық мәдениет үйі, 9-ы – мемлекеттік мекеме (оның ішінде 2-і коммуналдық, 1-і мешіт), 2-і – көпқабатты тұрғын үй, 3-і – жеке тұрғын үй.

Аймақ басшысы осы мәселеге орай қала және аудан әкімдеріне шұғыл түрде облыстық білім, мәдениет және спорт, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларымен бірлесіп, жұмыс комиссияларын құруды тапсырды. Комиссиялар әрбір нысанға келген шығын көлемін есептеп, оларды қалпына келтіруге қаржы көзін қарастырып, нақты ұсыныс беруі тиіс.

– Екі аптаның ішінде залал келген нысандардың барлығы қалпына келтірілуі керек. Оған бюджеттен бір тиын да қаражат бөлінбейді. Салынғанына елу жыл болған ғимарат болса түсінікті, ал кейінгі үш-төрт жылда пайдалануға берілген нысанның шатыры бір желге шыдас бермесе, оған бюджет қаражаты жұмсалмайды, – деді аймақ басшысы.

САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН НЕГЕ ЖАЛТАРАМЫЗ?

Статистика органдарының былтырғы мәліметінше, жұмыспен қамтылғандар саны 331 мың адам. Ал салық есептілігіне сәйкес жұмысшылар саны 249 мың адам, яғни, айырмасы 82 мыңды құрайды. Тағы да сандар арасындағы алшақтық едәуір. Бұл түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Мәселен, статистикалық мәліметті өсіріп көрсету немесе өзін-өзі қамтығандар, маусымдық жұмыскерлер деген секілді. Облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мамандарының есебінше, 50%-ға тең деп есептегеннің өзінде салық есептеріндегі орташа облыстық жалақы көлеміне сәйкес, 40 мыңнан астам адамнан ай сайын бюджетке 400 млн теңге өндірілмейді. Бұл – жылына 5 млрд теңгеге жуық қаржы түспейді деген сөз.

Кәсіпкерлер неліктен табысын жасырады дегенге келейік. Бұл мәселе жайлы біз Қызылорда механикалық зауыты «Квант» ЖШС серіктестігінің директоры, облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі Жаңабай Бекішевпен пікірлескен едік.

– Өз басым салықтан жалтара алмаймын. Қазір бәрі ашық, көз алдында айқын көрініп тұрады. Цифрлық заманда картамен, аударма, QR код арқылы төлем секілді түрі көп. Қолма-қол төлем қабылдаудың кезеңі өтті. Кәсіпкерге қайта сол оңай. Бірақ жаңа шығып жатқан Салық кодексін біздің оқып, танысуға, салық түрлерін зерделеуге уақытымыз жоқ. Бізге неғұрлым тиімді тұсын ұсынса жетіп жатыр. Барлығын электронды түрде бір жүйеге түсіріп, арнайы бағдарлама енгізіп қойса, жеңіл болады. Түскен табысымыздың белгілі бір мөлшерін ғана төлейтіндей етіп ыңғайласа дұрыс. Оны сол банктен бірден ұстап қалса, тіпті тиімді. Жалпы елімізде кәсіпкерліктің дамуы неге өз деңгейінде емес? Бізге қаржы жағынан үлкен қолдау керек. Мемлекеттен берілетін қайтарымсыз грант дегенді тоқтату керек. Бұл – кәсіпкерлікті дамытудың жолы емес. Үкіметтен де ештеңе берілмеу керек. Кәсіпкерлерге ұзақ мерзімге аз пайызбен несие берілгені дұрысырақ. Мәселен, Сингапурда бес миллион ғана халық болса, онда 122 дербес банк бар. Олар ешкімге бағынбайды. Сондай жүйе керек бізге. Әйтпесе қаншама идеясы бар адамдардың қолын қаражат байлап тұр. Әлгіндей шетелдің дербес банктерін бізге көптеп кіргізсе, ұзақ мерзімге төмен пайызбен несие берілсе, кәсіпкерлік дамитын еді.

Сонымен бірге кәсіп ашуда кедергілер де жоқ емес. Кәсіп бастау үшін алдымен жер немесе ғимарат керек. Оның барлығы айналып келгенде қаржыға тіреледі. Ғимарат салып, оның рұқсатын алу үшін де қаншама тер төгіледі. Бірінші кезекте осы мәселелерге жеңілдіктер жасалса, содан кейін ғана бізден талап етсе болады, – дейді кәсіпкер.

Бір мәселенің шетін тартсаң, осылай тағы бірнешеуі шырмауықша орала береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән берілетінін айтты. Ол үшін бірыңғай кешенді бағдарлама әзірлеу қажеттігін де алға тартқан еді. Бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді де тапсырды. Сондай-ақ, алдағы бесжылдық кәсіпкерлікті дамытуға бағытталатынын да жеткізді. Демек, жаңадан сайланған депутаттарға тағы бір жауапкершілік артылып отыр.

Жоғарыда қозғалған тақырыпқа қайта ойысайық. Биылдан бастап кәсіпкерлер тұрмақ, мұғалім мен дәрігерлер де өзінің табысын көрсетуге міндеттелді. Олар жыл басынан декларация тапсыруда. Ендеше қарапайым кәсіп иелері табысы жайлы ақпарат беріп отырса, онда ірі-ірі сауда нүктелері, күнде кіріс көзі бар дүкен иелері табысын қалайша жасырады?

Тағы да деректерге назар салыңыз. Салық кодексіне сәйкес, жеке тұлғалардың қарызын мәжбүрлеп өндіруді жеке сот орындаушылары ғана жүзеге асырады. Кірістер органы тарапынан жеке тұлғалардың көлік, мүлік салығынан берешектерін мәжбүрлеп өндіру үшін 22 мың жеке тұлғаның 638 млн теңге берешегі жеке сот орындаушыларға жолданыпты. Алайда, 12 мың адамның 263 млн теңгесі немесе 41% ғана өндіріліп, қалған 10 мыңының 375 млн теңге берешегі бірнеше жылдан бері өндірілмей келеді. Сондай-ақ, 1 млн теңгеден жоғары салық берешегі барлардың меншігінде мүліктер тіркелгенмен, оған шектеу қойылмағанын да айта кетейік.

Негізі салық төлеуден жалтарып не жасырып-жабудың қажеті шамалы. Ойланып қарасаңыз, сол қаражат өзімізге қайтып келеді. Түскен сома әлеуметтік жағдайды жақсартуға, үлкен ғимараттар, мектептер, ауруханалар, түрлі мәдени нысандар салу үшін жұмсалады. Өңірдің өркендеп дамуына үлес қосқысы келген әрбір адам, мейлі ол кәсіпкер немесе қарапайым маман болсын, салықтан сырт айналмауы керек секілді.

1-бет

ЖАНАРМАЙДЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ БАСҚА ТАУАРЛАР БАҒАСЫНА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Бір сөзбен, бензин мен дизель қымбаттауы – кейінгі екі жылда күтілген, алдын ала болжанған қадам. Бұл ретте салалық министрлік бағаны реттеу тетігін әзірлегені маңызды. Ақпан айында Энергетика министрлігі әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін бөлшек және көтерме саудада өткізу бағасын мемлекеттік реттеу ережелерін бекітті. Оған сәйкес жанар-жағармайдың шекті бағасы айына бір реттен жиі емес белгіленеді, яғни, министрлік жанармай бағасын ай сайын өзгерте алады.

Оған қоса, бағаны көтеру туралы шешімнің сәуірде, Парламент сайлауынан кейін қабылдануынан да астар іздеушілер көп. Мұндай шешім 2022 жылдың жазында қабылдануы керек еді. Бірақ ол кезде инфляция өте жоғары болды. Баға айына 3-4%-ға өсті. Бұған жанар-жағармай бағасының қымбаттауы қосылса, халық ашық наразылық танытар еді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың өзінде инфляция деңгейін екі есе азайту керегін айтқан болатын. 2022 жылдың соңында баға 20,3%-ға өскені белгілі. Премьер-министр Әлихан Смайылов та инфляцияны тежеуге уәде беріп отыр.

Жалпы инфляция құрылымында жанар-жағармай 0,35 пайыздық тармақты құрайды. Аз болса да, бағаға тікелей қысым жасайтын салалардың көпшілігі газға әлдеқашан көшкен.

Бірақ билік бұл бағытта да шаралар қабылдауда. Айталық, шілдеде Энергетика министрлігі газды мұқият тұтынуды ынталандыру үшін сараланған тарифтер механизмін дайындайды. Бұл ретте бағаның қалай өзгеретіні белгісіз. Бірақ газ саласына да бағаның арзандығы әсер етіп отыр. Мысалы, бензин бағасымен салыстырғанда мотор газы тым арзан. Оның бағасы 90-95 теңге болуы керек, бірақ литрі 65 теңгеден сатылуда.

Сондықтан бағаны көтеру керек. Екіншіден, өнеркәсіп те өмір сүруі керек. Қазір елдегі мұнай өңдеу зауыттары нөлдік деңгейде жұмыс істейді. Нарық үшін бұл да қалыпты жағдай емес. Елімізде бөтелкедегі судың бір литрі АИ-92 бензинінің литрімен бірдей. Бірақ бензин өндіруге кететін шығындар деңгейі суды құю құнымен салыстыруға келмейді.

Бұдан бөлек, Үкімет осы секілді әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізіміндегі 19 өнімнің, көмір мен магистральдық газ, коммуналдық төлемдер, қоғамдық көлік пен теміржол тарифтерінің бағасын ұстап отырғанын ескерсек, алдағы уақытта олардың да бағалары өсуі әбден мүмкін.

1-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

КЕНЕДЕН ҚОРҒАНҒАН ЖӨН

Көктем келіп, күн жылынысымен шыбын-шіркей, түрлі жәндіктер де оянып, жер бетіне шыға бастайды. Әсіресе, кене белсенділігі артатыны белгілі. Кене – көптеген жұқпалы ауруларды таратушы қауіпті жәндіктің бірі. Оның ішінде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бар. Еліміздің оңтүстік бөлігінде орналасқан 4 аймақ – Шымкент қаласы мен Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан табиғи ошақтар қатарында.

Sb **Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

Аса қауіпті ауру саналатын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының 2021 жылы 12 дерегі тіркелсе, былтыр 20 науқастың диагнозы зертханалық жолмен нақтыланды. Аудандар бойынша айтатын болсақ, Сырдарияда 5, Жалағашта 4, Шиеліде 4, Жаңақорғанда 3, Қармақшыда 1 және Қызылорда қаласында 3 жағдай орын алған. Инфекцияны жұқтыру көзі ретінде барлық жағдайдың 45%-ы кене шағумен, 25%-ы мал күтімімен, 15%-ы ауылшаруашылық жануарларын союмен, 10%-ы науқасқа күтім жасаумен байланысты болған.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, аймағымызда биыл 106 елді мекен қолайсыз деп танылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 елді мекенге азайғанын көрсетеді, былтыр 116 елді мекен есепке алынған. Сәйкесінше, залалсыздандыру жұмыстары сәуір айының екінші онкүндігінен басталады деп жоспарлануда.

– Бүгінгі күні ауыр жағдайдағы өтетін аурудың алдын алудағы тиімді шаралардың бірі – кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары. Жыл сайын барлық қолайсыз елді мекендерде санитариялық-қорғаныш аймақтарын құру үшін кенеге қарсы өңдеу шаралары жүзеге асырылады. Биыл қолайсыз деп танылған 106 елді мекенге залалсыздандыру жұмыстары сәуір айының екінші онкүндігінен басталады деп жоспарланып отыр. Кенеге қарсы дәрілеу аясында 30824 мал қора, 0,68 шаршы шақырым жерді құрайтын буферлік аймақ және барлығы 556052 мал басы қамтылатын болады. Осы шаралардың тиімділігін арттыру үшін тұрғындар назарына қора-аула тазалығын қатаң сақтауды және қолайсыз елді мекендерде жүргізілетін өңдеу жұмыстары барысында мал мен қора, аулалардың толық дәріленуіне үй иелері тарапынан қатаң бақылау қажеттігін еске саламыз, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әлия Әбдіқайымова.

Бұдан бөлек, наурыз айының екінші онкүндігінен бастап зоопаразитологиялық топпен кене жинау, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінге дейін 5220 дана кене жиналған. Оның 443-і елді мекеннен, 696-сы ауылшаруашылық жануарларынан, 4048-і табиғаттан, 33-і ауру ошақтарынан. 559 кене зерттеумен қамтылып, оң нәтиже анықталмаған.

Биыл жыл басынан бері 46 адам кене шағумен медициналық көмекке жүгінген. Оның ішінде 2 адамның дене қызуы көтеріліп, ауруханаға жатқызылды, екеуі де – Шиелі ауданының тұрғындары. Алайда екі күдікті жағдайда диагноздары зертханалық жолмен нақтыланбаған. Сондықтан мамандардың консилиумымен диагноз өзгертілді.

– Аталған аурумен көбінесе адамдардың белгілі бір кәсіби тобы ауырады, яғни, малшылар, егіншілер, фермерлер және табиғат аясында демалушылар шалдығады. Ауру кене шағу барысында және ауру кененің қаны арқылы тікелей жұғу қаупі өте жоғары. Он төрт күн ішінде науқаста ауру пайда болуы мүмкін. Ал белгілеріне тоқталып өтсем, адамда дене қызуы қатты көтеріледі, бас айналу, т.б. жағдайлары болады. Сондықтан көктемгі эпидмаусымда барынша сақтық шараларын қатаң сақтауымыз керек, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мұхамбетова.

Бүгінгі күні облыс бойынша медициналық мекемелерде ҚҚҚК-мен ауыратын науқастарды емдеу үшін вирусқа қарсы препараттар, иммундалған плазма және т.б. қажетті құрал-жабдықтар қоры жасақталды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, көктем келіп, күн жылынысымен кенелердің табиғатқа шығуы белсенді бола бастайды. Тұрғындар арасында, әсіресе, далалық аймақта жұмыс жасайтын, мал шаруашылығы, егін шаруашылығымен айналысатын адамдар үшін кене шағып, ҚҚҚК ауруын жұқтырып алу қаупі арта түседі. Бұл ретте сақтық шараларының қатаң орындалуы аса маңызды. Осы орайда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары тұрғындардан мал шаруашылығымен, ауыл шаруашылығымен айналысқанда арнайы жұмыс киімдері мен қолғаптарды қолдануды, табиғат аясына демалысқа шыққанда кенелерден қорғайтын арнайы репелленттерді пайдалануды, ақ түсті киім киіп, кенелердің болмауын жиі тексеріп тұруды, сақтық шараларын жауапкершілікпен орындауды сұрайды. Сондай-ақ ауру белгілері анықталған бойда жедел медициналық көмекке жүгінуге кеңес береді. Себебі дер кезінде емшара қабылдағанда аса қауіпті аурудан сауығып шығуға болады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мен обаға қарсы күрес қызметі мамандарынан құрылған жұмысшы топ емдеу мекемелерінің аса қауіпті ауру тіркелген кездегі дайындық барысын, мамандар біліктілігін мониторингтеп, әдістемелік көмек көрсету үшін көшпелі семинарлар ұйымдастыруда. Сонымен қатар, елді мекен тұрғындарымен кездесіп, кене шаққан кезде, аурудың алғашқы белгілері байқалған кезде шұғыл медициналық көмекке жүгіну қажеттігі туралы тұрғындар арасында санитариялық ағарту жұмыстарын жүргізуде.

БЕЛЕС

Өңір өндірісі: берекелі істің бастауы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында елдің дамуына қатысты көптеген мәселені қозғап, алдағы жоспарларды айқындап берді. Осы орайда Мемлекет басшысы экономика саласына соның ішінде іскерлік белсенділікті ынталандыру мен еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру мәселесіне мән берді.

Sb **Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»**

– Еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру маңызды. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр, яғни ел экономикасының құрылымы – карапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Әрине, шикізат нарығындағы әлемдік бәсекеде біздің өз артықшылығымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы саланы одан әрі дамыта беру керек, – деді Президент.

Елдің дамуы экономикаға байланысты екені түсінікті. Сондықтан барлық күш-жігер осы саланы көтеруге жұмсалып жатқаны айқын. Әсіресе ол республиканың өңірлерінде айрықша көрініс тапқан. Мәселен, біздің облыста өндірісті дамыту бағытында мемлекеттік жоба мен бағдарламалар аясында түрлі жұмыстар мен бастамалар қолға алынып келеді. Соның нәтижесінде Сыр елінің өндірістік әлеуеті жылдан-жылға ұлғаюда. Бұл өз кезегінде қосымша жұмыс орындарының ашылуына және халықтың кәсіпкерлікке бет бұруына үлкен септігін тигізеді.

ШЫНЫ ШЫҒАРАТЫН ЕЛ

Қызылордадағы шыны зауыты 197 мың тонна өнім шығаруға қабілетті. Президенттің қолдауы негізінде өнеркәсіп саласының дамуына серпін беретін ірі жобалардың бірі шыны зауыты аясында 42 млрд теңге инвестиция тартылған.

Зауыт өнімі Астана, Алматы, Шымкент қалаларына жөнелтілуде. Алдағы уақытта Өзбекстанға экспорттау жоспарлануда. Биылғы жылы шамамен 30 мың тоннаға жуық шыны шығарылмақ.

Зауыт жанынан инвестиция көлемі 100 млрд теңгеге жуық 8 ілеспе кәсіпорын құрылады. Оның үшеуі – шыны талшықтар мен композитті материалдар, айна және жұқа шыны шығару жобалары бойынша жобалау жұмыстары басталды.

Шыны зауытының екінші кезеңі ретінде «Чайна Гласс» қытай компаниясы ультражұқа шыны шығару зауытына инвестор болуға ниет білдіруде. Бұл өңір үшін ерекше маңызды жобаның бірі болмақ, құны – 64 млрд теңге.

Шыны талшықтары мен композитті материалдар жобасы «Қызылорда композиттік материалдар зауыты» серіктестігінің бастамасымен жүзеге асырылады. Жоба құны – 1,5 млрд теңге. Ал құны 4,5 млрд теңгені құрайтын «Айна шығару» жобасының бастамашысы – «Арал Кварц» серіктестігі.

Атап өту қажет, бұл екі жобаға мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыру үшін жер телімдері берілген. Зауыт маңынан автомобиль айналары, шыны кәдесыйлар, шыны мақтасы, шыны ыдыстар өндірілмек.

ТАБЫСТЫҢ КӨЗІ – ТҰЗ

«Аралтұз» зауытында жаңадан іске қосылған III испан цехы жұмыс жасайды.

Өңір басшысы өндіріс орнының еліміз үшін ғана емес, көршілес мемлекеттер үшін экономикалық маңызына тоқталып, өнім өндіру мәселесінің өзекті екенін жеткізген еді.

Айта кетейік, «Аралтұз» зауыты жылына 600 мың тонна тұз өндіруге қауқарлы. Өнім Қазақстан және ТМД елдері нарығына жеткізіледі. Бүгінде 1200 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Бұған дейін аталған өндіріс орны индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде ас тұзы мен техникалық тұз өндіретін испан цехын іске қосты. III испан цехы 2021 жылы іске қосылған. Жоба құны 3 млрд теңгені құрайды.

КЕН – ӨНДІРІСТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Тау-кен және металлургия өнеркәсібінде «Шалқия» қорғасын-мырыш және «Баласауысқандық» ванадий кен орындарын игеру жобалары өңір экономикасының дамуына ықпал етпек.

«Шалқия» кен орны Жаңақорғаннан солтүстік-шығысқа қарай 17 шақырым жерде орналасқан. Оңтүстікке қарай 4 шақырым кеңес заманында кеншілер отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін салынған «Шалқия» елді мекені бар. «Қызылорда-Шымкент» магистральдық жолына іргелес битуммен қапталған жол салынды. Жол және теміржол арқылы Жаңақорғаннан Кентау қаласындағы байыту фабрикасына, сондай-ақ, Шымкент арқылы Өзбекстан мен Қытайға және Қызылорда арқылы Ресейге көлік байланысы қамтамасыз етіледі.

Кен орнының ұзындығы 27 шақырым жеке темір жолы, 16 шақырым жеке электр желілері, әрқайсысы 40 МВт-дан 2 трансформаторы бар жеке қосалқы станциясы, суы, дамыған жерасты инфрақұрылымы бар.

«Шалқия» кен орны – дүние жүзіндегі ең ірі бес кеніштің бірі. Жоба бойынша жаңа стратегия әзірленген. Стратегияға сәйкес, қазіргі уақытта жобаның тау-кен бөлігі мен жерүсті кешендері бойынша түзетулер енгізілген. Бүгінде жерасты кенішінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Фабрика іске қосылғанда, жаңадан тағы бір мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Оның 2025 жылы жылына 2 млн тонна кен өңдеуге қуаты жетеді, одан әрі 2026 жылдан бастап қуатын жылына 4 млн тоннаға дейін ұлғайтпақ.

Тау-кен металлургия саласындағы екінші жоба – «Баласауысқандық» кен орнын игеру. Ол 100% шетелдік инвестордың қатысуымен іске асырылып жатыр. 2016 жылдан бастап тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс жасайды. «Баласауысқандық» ванадий кенішінен өткен жылы ең кемі 357,9 тонна аммоний метаванадаты Ұлыбританияға, 57,4 тонна ферромолибден Ресейге экспортталған.

Өңірдегі өндіруші сектор облыстың барлық өнеркәсібінің шамамен 90%-ын құрайды. Мұнай мен оның өнімдерінің үлкен көлемі экспортқа таза күйінде жіберіледі. Қызылорда облысындағы мұнай кен орындарының үлесі ел бойынша дәлелденген және алынатын мұнай қорының жалпы көлемінің 5%-ын құрайды. Ең ірі кен орындарына «Ақшабұлақ», «Құмкөл», «Қоныс» және «Солтүстік-батыс Қызылқия» жатады.

Қазіргі уақытта облыста 59 мұнай-газ кен орнын игеретін 11 мұнай-газ өндіруші компания тіркелген (Қазақстандағы кен орындарының жалпы санының 6%-ы). Өңірде 21 мұнай-сервис компаниясы бар.

Ал металл кендерін өндірумен 4 кәсіпорын айналысады. Тау-кен өнеркәсібінде 4 кәсіпорын жұмыс істейді. Жалпы облыста қазіргі кезде жер қойнауын пайдаланушылар саны 58-ге жеткен.

Перспективалы кен орындары – «Қарамұрын кен алаңы» (алтынның алдын ала қоры – 1900 кг), «Ақжар кен алаңы» (мыстың алдын ала қоры – 700 мың тонна, элементтер: алтын, күміс, мышьяк, қорғасын, мырыш, кобальт, никель), «Дарбазинское» (мыстың алдын ала қоры – 1 млн тонна), «Баласауысқандық» ванадий кен орны.

Қазіргі таңда тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында 28 кәсіпорын жұмыс жасап жатыр. Атап айтқанда, мұнай өндірумен 11 компания, уран өндірумен 4 компания және қалған компаниялар қатты пайдалы қазбаларды (темір, қорғасын, ванадий, түрлі-түсті металдар) және кең таралған пайдалы қазбаларды (тұз, әк, кварц құмы, доломит, саздақ, құрылыс құмдары) өндірумен айналысады. Бұл салада 8500 адам жұмыс істеп жүр.

«Karatau Mining» ЖШС біздің облыста Байжарка алаңында мыс, алтын және ілеспе компоненттер кен орнын игеруде. Онда мыс, алтын және ілеспе компоненттерді барлауға келісім-шарт жасалған. Аталған келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы «Karatau Mining» ЖШС бірлескен кәсіпорнына берілген.

АНТИФРИЗДЕР АЙНАЛЫМДА

Ең ауқымды өндірістерден бөлек облыс тұрғындары шағын кәсіп бастап, өндіріс нарығына өз өнімдерін шығара бастады. Біз бірнеше ерекше өнім өндіріп отырған жерлестерімізге тоқтала кеткенді құп көрдік.

Жалағаш ауданының тұрғыны өңірдегі тың кәсіпті мемлекеттік бағдарлама аясында қолға алды. Асхат Ермекбаев еуропалық стандарттарға сәйкес өнім өндіреді. Нарықта сапасы жоғары бола тұра бағасы қолайлы антифриздер болмағандықтан, кәсіпкер осы өндірісті ашуға білек сыбана кіріскен.

Кәсіпкердің шағын кәсіпорнында SinPro сауда белгісімен тосол, антифриз тәрізді суыққа төзімді сұйықтықтар шығарылады. Кәсіпорында автокөліктерге арналған этиленгликоль негізіндегі антифриз, тосол, салқындатқыш шығарылады және алғашқы отандық өндіруші болып саналады. Кәсіпорында күніне 1000 литр антифриз өндіріледі.

Антифриздер – төмен температураға шыдас беретін салқындатқыш сұйықтықтар. Мұндай өнімдер бензин және дизель қозғалтқыштарының салқындату жүйесіне қолдану үшін жасалған, яғни, салқындату жүйесінде қату, коррозия, қызу және қақтың пайда болуының алдын алады. Ең бастысы – бұл өнімдерді көлік құралы мен жылу алмастырғыш агрегаттардың эксплуатация нұсқаулығына сәйкес пайдалану керек.

Өндірісте 5 адам жұмыс істейді. Шетелдік брендтер тарапынан бәсекелестікке қарамастан аталған компания өнімдері жоғары сапалы сипаттамаларының арқасында автохимиялық өнімдердің бөлшек сауда нарығында өз орнын табуда. Алдағы уақытта кәсіпорын өндіріс көлемін және өнім түрлерін ұлғайтуды жоспарлауда. Десе де несие алып айналым капиталын толықтыру қажет.

– Мамандығым химик-технолог болғаннан кейін, өзіме осы өндірістің түрі жақын болды. Бұл іске өз қаражатымды салып әрі мемлекеттен қосымша қолдау таптым. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 5 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алдым. Одан бөлек, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 6 пайыз мөлшеріндегі кепілдік арқасында 6 млн теңге көлемінде несиеге қол жеткіздік. Осылайша, мемлекеттің қолдауы біздің дамуымызға және өнімнің өзіндік құнын тұрақтандыруға қомақты септігін тигізіп келеді, – дейді кәсіпорын басшысы Асхат Ермекбаев.

Бұл өнім қозғалтқыштарды тиімді салқындатуды, металдар мен қорытпалардың барлық түрлерін коррозиядан және кавитациядан жоғары тиімділікпен қорғауды қамтамасыз етеді. Қоршаған орта температурасының -40-тан +50-ге дейінгі диапазонында пайдалану үшін ұсынылады.

ГАЗОБЛОКТЫҢ БЕРЕКЕСІ

Бүгінде жастар қарап отырмай, жеке кәсіпті ұршықша иіруде. Осындай азаматтардың бірі – жеке кәсіпкер Темірлан Жақсылық.

Темірлан құрылыс жұмыстарына қажетті газоблок шығарумен айналысады. Бұл – өнім ұзаққа төзімді, өртке қауіпсіз, экологиялық таза, жылуды сақтайтын, аз ғана үлес салмағы бар, түрлі өңдеулерге ыңғайлы құрылыс материалы.

Жобаның ерекшелігі – газоблок өндірісінде шина қалдықтарын қолдануда. Өз кәсібін қайтарымсыз грантқа, одан бөлек өз қаражатын қосып бастаған. Әзірге өнімді жеке үй-жай салып жатқан азаматтар мен түрлі ғимараттар құрылысын жүргізуші құрылысшылар тапсырыспен алдырады. Өзіне қажетті құрал-жабдықтарды Атырау қаласынан жеткізген.

– Айына 2000 газоблок өндіреміз. Шина қалдықтарын дайын өнім ретінде Алматы қаласынан алдыртамыз. Алдағы жоспарымыз – шиналарды қайта өңдеу машинасын сатып алу. Ол кезде СТО арқылы, ауыл тұрғындарынан шиналарды қабылдаймыз, – дейді кәсіпкер.

Ол тағы да қаржы көздерін қарастырып, кәсібін кенейткісі келеді. Бүгінде өзінен бөлек 4 адамды жұмыспен қамтып отыр.

«ЕКОВАТА» – ЫРЫЗДЫҒЫ МОЛ КӘСІП

Қазір сәулет-құрылыс нысандары мен тұрғын үй құрылысы жұмыстарына экономикалық және экологиялық жағынан тиімді өнімдерге деген сұраныс көбейіп отыр. Осыны ескерген кәсіпкер Мұрат Әбілов өңірде сұранысқа ие «Ековата» құрылыс материалын шығаруды қолға алды. Бұл өнім – экологиялық тұрғыдан тиімді әрі салмағы жеңіл. Бағасы да қолжетімді. Ең бастысы, материал сапалы әрі төзімді.

Бір ерекшелігі, бұл «Ековата» құрылыс материалына құрт-құмырсқа жоламайды, ыстыққа төзімді, суыққа шыдамды көрінеді. Мәселен, еліміздің батыс, солтүстік өңірлері үй қабырғасын қаптауға және төбесін жабуға осы материалды жиі қолданады екен. Қыста үйдің жылы болуына осы «Ековатаның» үлкен септігі бар. Міне, енді көптің игілігіне жараған, оңтүстік өңірлерде де сұранысы артқан бұл сапалы құрылыс материалы бізге де келді.

Мұрат Әбілов материалдың дайындалу технологиясын меңгеруге 3-4 жылын арнады. Сапалы дүние шығару үшін цех құрылғыларын шетелден арнайы тапсырыспен алдырды. Бүгінде қолға алған кәсібін дөңгелентіп, тұрғындардан тапсырыс қабылдауды бастаған.

МЕРЕЙ

Тұмысы текті тұлға

Адам атаулыға баға беретін халық. Сенің жақсы-жаманды істеріңді елеп-екшеп, талғам таразысына салатын сыншы да – халық. Содан да халыққа қызмет ету – қалпақты қайырып кию емес.

Осынау қым-қуыт тірліктің сан тарау сүрлеуінде алас-күлес атқа мініп, арман-мұратынды аңсап, ағындап жүргенде талай жандармен жолың түйіседі екен. Осындай жайсаң жанды, тұмысы бөлек тұлғалардың бірі – Аюп Мырзабекұлы. Оның «Ғұмырнама, естеліктер мен ой-толғамдар» жазбасын оқып отырып, еңбегін, төккен терін пұлдамайтын, барға қанағат, жоққа салауат айтатын бала көңілді, дана сезімді азамат екенін аңғардым.

Аюп 1953 жылдың сәуір айында Тереңөзек ауданы аумағындағы шағын елді мекен «Майлықұмда» өмір есігін ашты. Арғы атасы Қалмен есімі Сыр еліне танымал болса керек. Одан бергі Ысқақ атасы ағаш пен темірден түйін түйген ауыл ұстасы болған. Шаруаға аса қажетті белорақ, қолорақ, күрек, айыр, кетпен, келі, келсап, киіз үй жабдықтарын жасап, осы іске балаларын да баулыған.

Ысқақтың бес ұлының кенжесі Мырзабек ашаршылықта жеген құйқаның дәмі әлі кетпеген уақытта өмір есігін ашқан. Құдай қосқан қосағы Жамалмен шаңырақ көтеріп, өмірге Толысбек, Аюп, Бекзатхан, Боранбек, Бейбіт, Ақмарал, Рашид, Нұрсұлу есімді ұл-қыздарын әкелді.

Еңбек жолын қара жұмыстан бастаған әке бертін келе аудандық су шаруашылығында гидротехник, іргелі шаруашылықтың қойма меңгерушісі қызметтерін 35 жыл бойы абыройлы атқарды. Жамал анасы иығына кетпен асып, озат күрішшілер қатарына қосылды. Аудандық кеңестің бірнеше мәрте депутаты болып сайланған ол ондаған мемлекеттік награда иеленсе, аудан басшылығы екі рет жеңіл автокөлік кілтін табыстайды.

– Мұның барлығы, – деп еске алады Аюп, – ата-анамыздың таза мандай терімен келген табыс еді. Шындығында, олар бізді жетілдіру үшін демалыс дегенді білмей, тек белуардан бейнет кешумен бар өмірін өткізді. Бейнетінің зейнетін көрсетуді өзімізге қарыз бен парыз санаған біз оны қаншалықты өтедік ол бір Аллаға аян.

Балалық бал дәуренінде әкесі ертеп қойған есекке мініп, шөп ору, мал бағумен күн кешті. Сонымен 1969 жылы «1 Май» мектебінен орта білім алып, өмір жолына түседі. Қызылордадағы политехникумнан дәріс алып, техник-электрик мамандығын иеленеді.

– Әлі есімде, – дейді Аюп, – үш айлық өндірістік тәжірибеден өтуге №13 жылжымалы құрылыс мекемесіне барғанбыз. Күн аптап ыстық. Айдалада электр бағаналарын отырғызу, оған сымын тарту, бағанаға өрмелей шығып, электр сымдарын бекіту оңай жұмыс емес екен. «Қой, бұл мамандығы құрысын» деген ойға келіп, Алматының ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетіне оқуға түсуден бас тартып, құрылысшы мамандығын алуға бел буғанмын. Өкініштісі сол, маған құрылысшы мамандығы бір емес, екінші рет те бұйырмаған еді. Оған өкінбеймін, мамандықты мен емес, мамандық мені таңдаған екен.

Мырзабекұлы Аюп 1973 жылы Алматыдағы кезіндегі В.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне оқуға қабылданады. Институт қабырғасында жүргенде энергетика саласының қыр-сырын бүге-шүгесіне дейін меңгеруге бар күш-жігерін жұмсайды. Өндіріс орындарын электрмен қамтамасыз ету, қанша электр энергиясын пайдаланады, трансформаторлық станциялардың қуаты, электр желілерінің қауіпсіздігі үшін қолданылатын қорғау желілері, осы саланың тағы басқа ондаған қым-қуыт тіршіліктерін толықтай меңгеру оңайға түскен жоқ. Десе де, табандылық пен ізденімпаздық оны дегеніне жеткізіп, күрмеуі қиын осы саланың хас шебері, яғни шамшырағы атандырады.

Аюп сонау 1978 жылдан бүгінге дейінгі еңбек жолын сол кездегі облыстық астық өнімдері бірлестігінің басшысы, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың ақ батасын алумен бастады. Осы кісінің ұсынысымен Қызылорда астық өнімдері комбинатының аға энергетигі қызметіне тағайындалды.

Сол жылдары комбинатқа қарасты зауыттардың электрқондырғылары, яғни, трансформаторлық подстанцияның техникалық жағдайы өз дәрежесінде болмаған. Ауа тазартқыш қондырғылардың да жартылай жұмыс істеуінен зауыт іші шаңнан көрінбейтін. Жас болса да ізденгіш, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін ол аз ғана уақыт ішінде электр қондырғыларын көзімен көріп қана қоймай, қолымен ұстап, жоғарыдағы келеңсіз жағдайларды қалыпқа түсіріп, басшылықтың назарына ілігіп, бас энергетик қызметіне тағайындалады. Айекеңнің ұтымды ұйымдастырушылық қабілеті арқасында комбинаттың электр энергиясының технологиясы толықтай жаңартылып, материалдық-техникалық базасы нығайтылады.

Ол қоғамдық жұмыстардан да қалыс қалмайтын. Комбинатта жұмыс істейтін 900 жұмысшы-қызметкердің санаулысы ғана заманында дүркіреп тұрған коммунистік партияға қабылданатын. Сонымен партияға мүшелікке қабылданған Аюпқа сан алуан қоғамдық жұмыстар жүктеле бастайды. Нақтылай айтар болсақ, халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып сайланған оған партбюро хатшысының орынбасары қызметі қоса тапсырылады. Азғантай уақыттың ішінде өзіне жүктелген сынақтан сүрінбей жүрген Аюпқа партбюро хатшысы міндетін уақытша атқару жүктемесі де беріледі.

1983 жылы аймақтың әр ауданында «Сельхозэнерго» мекемелері ашыла бастайды. Жаңадан ашылған мекеме жұмысын жолға қоюды мақсат еткен Аюп 1984 жылы Сырдария аудандық «Сельхозэнерго» мекемесінің бас инженері қызметіне келеді. Бір жылдан соң осы мекеме директоры қызметіне тағайындалады.

Ұйымдастырушылық қабілеті арқасында аудан көлеміндегі электр қондырғыларына күтім жасау, оларды есептегіш құралдарымен қамтамасыз ету, электр энергиясына есеп жүргізу, жаңадан салынған құрылыстарды техникалық құралдармен қамтамасыз ету аз ғана уақыт ішінде жолға қойылады. Саланың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру, құрал-сайманмен жабдықтау, кадрлардың біліктілігін арттыру да назарынан тыс қалған емес. Оның тағы бір ұтымды ұсынысы жұмысты ықшам және тез атқару үшін аудан шаруашылықтарын төрт учаскеге бөліп басқаруды енгізіп, араға жыл салып ел қатарына қосады. Сондай-ақ қырман басына орналасқан тұқым тазалайтын агрегаттар, мал бордақылау алаңдарына орнатылған калценатор, құрама жем мен күріш ақтайтын цехтар, жеміс-жидек қалдықтарынан сауын сиырларына азық дайындайтын агрегаттарына арнайы мамандар даярлап, іске қоса бастайды.

Аюп электр жүйесі жұмысын жандандырумен ғана шектелмей, мекеме жұмысшы-қызметкерлерін жұмыспен, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін күріш егуге, жеміс-жидек өсіруге, жылыжай салуға батыл бетбұрыс жасайды. Сөйтіп мекеменің болашақта нарықтық экономикаға бейімделуіне жол ашылады.

Жекешелендіру науқаны басталғанда шаруашылық адам айтқысыз жағдайға тап болады. Аюп басқаратын «Сельхозэнерго» мекемесі де таратылып, мекеме есебіндегі мүлік қалдық бағаларымен бөліске түседі. Азын-аулақ техника мен мал-мүлікті иеленген бас-аяғы он адам Аюптың басшылығымен «Сельхозэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаңырағын көтереді. Атқаратын негізгі жұмыстары – электрқондырғыларды күрделі жөндеуден өткізу, су соратын ұңғыма насостарын жөндеу, дәнекерлеу, трансформаторлар мен генераторларды қалыпқа келтіру. Қала мен аудан тұрғындарына осы қызметтерді көрсетуді өзінің көмекшісіне жүктеген. Аюп қаладағы жылу-энергия орталығының алдымен бөлім басшысы, соңынан басқарма басшысы қызметіне келеді.

– Жылу-электр орталығы сол тоқырау жылдары сәуір мен қазан айлары аралығында электр энергиясын сырттан, яғни «Екібастұз», «Ерман», «Шүлбі», «Жамбыл» ГРЭС-і тәрізді ірі электр станцияларынан сатып алып, қаланы электр қуатымен қамтамасыз етіп отыратын, – дейді Аюп.

Ол 2003 жылы «Сельхозэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қайта оралады. Мекеме банкротқа ұшыраудың алдында тұр екен. Айекеңнің ұтымды ұйымдастыруы мен қарымды қабілеті арқасында бұл жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар болғаны үш ай ішінде қайта жанданып, бүгінгі күнге дейін ел-халыққа қалтқысыз қызмет көрсетумен келеді. Құрылтайшысы да, басшысы да – бүгінгі күні 70 жасқа толып отырған айтулы да ардақты азамат Мырзабекұлы Аюп.

Ол «Құрметті энергетик» атағын иеленсе, 2016 жылы аз қамтылған отбасыларға көрсеткен қамқорлығы мен мүгедек балаларға жасаған демеушілік іс-шаралары үшін Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» қауымдастығының «Ел ардақтысы» медалімен марапатталды. Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық өсуіне қосқан үлесі үшін «Елеулі еңбегі үшін» медалін алып, есімі «Қазақстанның алтын» кітабына енгізілді. Мерейлі жасқа толуына байланысты Энергетика министрлігінің бұйрығымен «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Атам қазақ: «Отбасының қорғаны – әке, жылуы – ана» деп бағалаған. Аюптың құдай қосқан қосағы Қамар – отбасының ырыс-берекесі.

Аюп – төңірегінде болып жатқан сан түрлі құбылыстарға бейжай қарамайтын, ой тоқтатып, әділдігін айтатын азамат. Адамды қадірлеуді, оларға құрметкошемет көрсетуді, қамқор болып қол созуды да өмірлік ұстанымы етіп келеді.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист

Ел сеніміне ие болған

Ұзақ жылдар Жаңақорған ауданының әлеуметтік дамуы мен экономикасына қажырлы қызмет еткен ардақты азамат Іскендір Ибадуллаевтың есімі ел-жұртына танымал.

Ол 1942 жылы 15 ақпанда Ақүйік ауылдық округіне қарасты «Бірлік» ауылында өмірге келген. Мамандығы мұғалім болса да халық депутаттары аудандық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Сунақата» совхозы партия комитетінің секретары, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы, аудандық еңбек биржасының директоры қызметтерін атқарды.

Ол 1994 жылға дейін аудандық атқару комитетінің тұрақты депутаты болса, 1999-2003 жылдары аудандық мәслихаттың II шақырылымының депутаты болып сайланды.

Партия, Кеңес органдарындағы еңбегі бағаланып, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл», тағы басқа мерекелік медальдарымен марапатталған.

Жұбайы Зылиха екеуі отбасында төрт бала өсіріп, сегіз немере тәрбиелеген өнегелі отбасын құрған азамат.

Еңбек жолын 1959-1962 жылдары «Бірлік» совхозында қарапайым жұмысшы, жүргізуші болып бастаған ол әскер қатарына шақырылады. Одан соң аудандық «Казсельхозтехника» мекемесінде жүргізуші болып еңбек етеді. Алматы политехникалық институтының «Металлургия» факультетіне оқуға түсіп, өзін жақсы жағынан көрсеткен ол 1968 жылы Бүкілодақтық студенттік құрылыс отрядының Қазақстандағы штабына инженер болып қабылданады. Кейін елде қалған ата-ананың жайымен сырттай оқу бөліміне ауысып, 1969 жылы Түркістан қаласындағы автомотоклубқа инструктор-әдіскер болып орналасады. Ауылға жақындай түсуді ойлаған Іскендір аға 1971 жылы Жаңақорған кенті атқару комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалады. Ал 1972 жылы Жаңақорған аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің инструкторы, 1973 жылы осы бөлімнің меңгерушілігі қызметіне жоғарылатылады.

Осы қызметте жүріп өзінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетімен танылады. Елдің сеніміне ие болған Іскендір аға көп ұзамай Жаңақорған аудандық партия комитетінің ұсынысымен «Сунақата» совхозына партком хатшысы болып тағайындалады. Ол кезеңде парторг қызметінің совхоз директорымен терезесі тең, тиісті жағдайда мекеме, ұжым басшысының барлығы партия комитетінің алдында есеп беруге міндетті еді. Ол осы қызметте жүріп, еңбекшілерді және жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелей отырып, бұқараны халық шаруашылығын өркендету ісіне ұйымдастыра білді.

Шаруашылық егін егу мен астық жинау кезіндегі науқандық жұмыстарда үй бетін көрмей, дала қостарында жастармен бірге болып, өнеге көрсетті. Осы қызметті табаны күректей сегіз жыл еңбек еткен азаматқа Жанақорған аудандық партия комитеті үлкен сенім білдіріп, 1984 жылы аудандық партия комитетіне инструкторлық қызметке тағайындады.

1988 жылы аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатылды. Осы бөлімде партия жұмысын ұйымдастырушы қызметін қоса атқара жүріп, 1991 жылы аудандық партия комитеті жанындағы партия комиссиясының төрағасы болады.

Еліміз егемендігін алған жылдары Іскендір ағаға халықпен жұмыс жасаудағы іскерлігі ескеріліп, 1992 жылдан бастап Жаңақорған аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөліміне меңгерушілік қызметке бекітілді. Ал 1994 жылы Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры қызметін атқарды.

Зейнет жасына жақындаған кемел кезеңінде ол жүрек қалауымен төл мамандығы – ұстаздық ету мақсатымен аудан орталығындағы №3 мектеп-интернатына психолог-педагог болып орналасты. Жас ұрпаққа өзінің мол тәжірибесінің өнегелі тұстарынан тағылым беруді азаматтық, ағалық міндеті санады.

Іскендір Ибадуллаев өзінің саналы ғұмырын Жаңақорған ауданының өсіп-өркендеуіне, жұртшылықтың әлеуметтік жағдайының жақсару жолына арнаған, туған жердің патриоты болды.

Ол 1972 жылдан 1994 жылға дейін халық қалаулысы атанып, аудандық атқару комитетінің депутаты болды.

Сонымен қоса 1999-2003 жылдары аудандық мәслихаттың II шақырылымының депутаты болып сайланған.

Оның депутаттық мерзімі жалпы алғанда 26 жылды құрап тұр. Осынша жыл ел сеніміне ие болып, халық қалаулысы атану – үлкен бақыт. Бұл көпшіліктің Іскендір ағаға деген жоғары дәрежедегі сенімі деп білуіміз керек. Елдің аманатын арқалаған жылдар оны халыққа жақындата түскені ақиқат.

Міне, сондықтан халық аяулы аға есімін Жаңақорған кентіндегі бір көшеге беріп, ел жадында мәңгі қалдыруды мұрат тұтып отыр.

Ахмет РАХЫМҰЛЫ

Сыр перзентінің "Сәлемі"

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде күйші, композитор, дирижер Мәлік Жаппасбаевтың шығармашылығына арналған «Сәлем» атты концерт өтті.

Sb Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Бұл танымдық кеш Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Т.Әбдірашев атындағы мемлекеттік академиялық симфония оркестрінің, Н.Тілендиев атындағы мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің және Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің дирижері Мүсілім Әмзенің бастамасымен қолға алынған. Ол қазақ оркестрі мен дирижерлік өнерінің дамуына үлес қосқан, майдангер-композитор, дәулескер күйші, дарынды дирижер Мәлік Жаппасбаевтың шығармашылық өмірбаяны туралы тың дерек пен тарихи құжаттарға сүйеніп, «Мәлік Жаппасбаевтың музыка мұрасы» атты еңбегін жарыққа шығарған.

– Оның есімі Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы оркестрімен 1938 жылы тұңғыш рет грампластинкаға Құрманғазының «Бозшолақ», Дәулеткерейдің «Топан» және «Қыз Ақжелең» күйлерін жаздырған дирижер ретінде тарихта қалды.

1939 жылы тамыз айында Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қазақ жерінен 150-дей өнерпаз аттанып, оның ішінде Д.Мацуцин жетекшілік еткен хор, хореограф С.Жуковтың бишілер тобы, М.Жаппасбаев басқаратын домбырашылар ансамблі, Қызылорда облысынан 14 өнерпаз қатысқаны Мұхамеджан Рүстемовтің «Өткен күннің белгісі» мақаласында жазылған. Мұнан аңғаратынымыз, Мәлік Жаппасбаев – Мәскеу сахнасында өнер көрсеткен алғашқы дирижердің бірі, – деді дирижер Мүсілім Әмзе.

Тарихта оркестр жұмысының алға басуына тілектес екі күйшінің есімі ерекше аталады. Олар – Ғабдұлман Матов пен Мәлік Жаппасбаев. Осы екі өнерпаз туралы Ахмет Жұбанов: «Құрманғазы оркестрінде өткен отызыншы жылдардың ішінде Мәлік Жаппасбаев, Ғабдұлман Матов деген домбырашылар болды. Олар өздерінің аспаптарында виртуоз дәрежеде орындаушы болумен қатар дирижер болып кетті. Оның себебі – олар екеуі де аса қабілетті адамдар еді. Дирижер ретінде қол сілтеуде де үлкен жетістікке ие болды. Ол заманда консерватория болмаса да, өз бетімен бірқатар ноталы шығармаларды меңгеріп кетті. Әңгіме тек қабілетте емес, еңбекте» деп жазады.

– Мәлік Жаппасбаев Сырдария ауданында 1914 жылы туған. 1934 жылы Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының слетінде күйшілік өнерімен айрықша көзге түсіп, алғашқы қазақ оркестрінің құрамына домбырашы болып қабылданады. Көп ұзамай оркестр концертмейстері болып бекітіледі.

1941 жылы Алматыда қызметте жүрген уақытында ағасы Ыбырайыммен бірге шұғыл майданға аттанған. Халық музыкасының қайнар бұлағынан мейірі қанып сусындаған шебер күйші, алғыр оркестр музыканты, домбыра тобының жетекші концертмейстері, оркестрдің дирижер-ассистенті қызметін абыройлы атқарған жауынгер-композитор, күйші, дирижер Мәлік Жаппасбаев қысқа ғұмыр кешіп, 1943 жылы 29 жасында майдан даласында өмірден озды. Өкініштісі, артында ұрпақ қалмады, – деді Мәлік Жаппасбаевтың жиені Мейрамгүл Махпутова.

Концертте Мәлік Жаппасбаевтың «Сұлу қыз», «Жастық жыры», «Мойынты – Шу», «Отаным – байлығым!», «Қарағанды», «Абай жыры», «Бабалар аманаты» және «Сәлем» атты әсем әндері әуелете шырқалды.

Кештің көркем өтуіне өнер адамдарының қосқан еңбегі орасан. Концертте Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, көркемдік жетекшісі Самат Абылаев, дирижерлар «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев, Руслан Балмасов және М.Жаппасбаев мұраларының зерттеушісі Мүсілім Әмзе өнер көрсетті.

Концерт солистері Мақсат Мақұлбеков, Ақмарал Ноғайбаева, Жалын Жүсіпов, Аружан Қойшығара, Айдос Шадаев, Бағдаулет Қарғабаев, Мағжан Аманжолов, Әлімжан Абсадықов, Болат Күзембаев, Тоқтар Ағыраев, Науан Жарасовтың даусы халықты баурап алды.

Қалың елдің қадірлі Қаламқасы ең...

Абдрасулова Қаламқас Алданқызы 1967 жылы 25 сәуірде Қазалы ауданы, Қазалы совхозында дүниеге келген. Көпбалалы отбасында өскен зерек қыз мектеп бітірген соң, 1984-1989 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында «Биология» мамандығы бойынша білім алды. 1989 жылы әкеміз Сайранбекпен шаңырақ көтеріп, 3 бала өсірді. Еңбек жолын қала мектептерінде бастап, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде бірнеше жыл ұстаздық қызмет атқарған. 2011 жылдан бастап балаға деген аса сүйіспеншілігі мен педагогтік мол тәжірибесін ұштастыра отырып қала ішінде

балабақшалар ашып, кәсібін өрлеткен. Қазіргі таңда әр тасын өзі қалаған «Сәулет» балабақшасы – бүлдіршіндердің сүйікті ордасы.

«Қаламқас анамыз қандай еді?» деп оны танитын әрбір жаннан сұрасақ ерекше толғаныспен, шынайы көңілімен, тек ризашылықпен ғана жауап берері хақ. Ел бәрін біледі, бәріне баға береді. Әулетіміздің ұйытқысы, отанасы, үлкенді де, кішіні де сыйлай білген тым ерекше едіңіз... Қос ананың тәлім-тәрбиесін көргендігі, соны айналасына үйретіп, жол нұсқаған шырағымыз едіңіз... Бауырларына жанашыр тәте, шаңырағымызда ардақты абысын, сыйлы келін, аяулы әже, асыл ана, сүйікті жар, қызметте білікті басшы – осы тіркестердің барлығы сіздің қасиетіңізді, болмысыңызды ашуға жетерлік ме екен?! Жетпейді-ау, сірә! Ерекше күтіммен қарайтын бау-бақшаңыз да, аулада жайнатып қоятын гүлдеріңіз де сіздің махаббатыңызға зәру! Жақсылық жасауға асығып жүретін жайдары көңіліңізді, әрбірімізді ерекше сыймен қуантқыңыз келетін жомарттығыңызды, қай істің де бастауы болатын ақыл-кенесіңізді, бәрін-бәрін сағына еске алудамыз...

Өзіңізсіз жылға жуық уақыт өтіпті. Сіз салған сара жолмен, сіз берген тәлім-тәрбиемен бір қауым ел өсіп келеді, шүкір! Жақсының аты ұрпағымен мың жасайды! Алла рахымына бөленіп, пейіште нұрыңыз шалқысын, қадірлі Ана!

Еске алушылар
Жәнібековтер әулеті

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24470 | Тапсырыс №540 | Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**